

Бердімұратова Қ.
**Жоғары білім беру жүйесінің
бәсекеге қабілеттілігін арттыру**

Қазіргі кезеңдегі жоғары білім беру жүйесі нарықтық қайта құрулар контекстінде дамып отырғандықтан, оның қызметіне бірқатар экономикалық категорияларды қолдану мүмкіндігі мен қажеттілігі туындап отыр, атап айтқанда: нарық, тауар, сұраныс, ұсыныс, бәсекелестік, бәсекеге қабілеттілік. Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында бәсекеге қабілеттілік дамудың негізгі қозғаушы күші ретінде қарастырылады. Кез келген ел үшін бәсекеге қабілеттілік оның табиғи және адами әлеуетіне тәуелді. Бірақ, көптеген мемлекеттер табиғи әлеуетінің төмендігіне қарамастан дамудың алдыңғы қатарында болып, көшбасшылық орынға ие бола алатындықтарын талай рет дәлелдеді. Осыған орай, адами әлеует маңызды фактор болып табылады және ең алдымен, адамдардың білімділігі, құзыреттілігі және шығармашылық мүмкіндіктері ескеріледі. ХХІ ғасырда білім бәсекелестік басымдықтың қайнар көзі болып табылады. Дегенмен, жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі, ең алдымен, жоғары оқу орнының, оның түлектерінің бәсекеге қабілеттілігімен және олардың қызметінің әртүрлі салаларындағы табысты жұмысымен анықталады.

Түйін сөздер: бәсекеге қабілеттілік, жоғары білім беру жүйесі, жоғары оқу орындары, білім беру сапасы, білім беру қызметтер нарығы.

Berdimuratova K.
**Increase of competitiveness of
system of the higher education**

The system of the higher education develops now in the context of market transformations therefore becomes possible and necessary to apply to its functioning some economic categories, such as: market, goods, demand, offer, competition, competitiveness. Today in the conditions of the market relations competitiveness acts, as the main driving force of development. For any country it depends on its natural and human potential. Thus many states proved more than once, what even at poverty of the first it is possible to be in number of the front lines and to take leading places in development. Therefore, a key factor is human potential and, first of all, education, competence and creative opportunities of people in the conditions of their realization. Knowledge becomes the main source of competitive advantages in the XXI century. However competitiveness of system of the higher education is determined, first of all, by competitiveness of higher education institution, his graduates and success of their work in various fields of activity. Speaking about results of the international comparison of system of the Kazakhstan higher education takes not leading positions in such aspect so far.

Key words: competitiveness, system of the higher education, higher educational institutions, quality of education, market of educational services.

Бердимуратова К.
**Повышение
конкурентоспособности
системы высшего образования**

Система высшего образования развивается в настоящее время в контексте рыночных преобразований, поэтому становится возможным и необходимым применять к ее функционированию некоторые экономические категории, такие как: рынок, товар, спрос, предложение, конкуренция, конкурентоспособность. На сегодняшний день в условиях рыночных отношений конкурентоспособность выступает, как основная движущая сила развития. Для любой страны она зависит от ее природного и человеческого потенциала. При этом многие государства не раз доказывали, что даже при бедности первого можно находиться в числе самых передовых и занимать лидирующие места в развитии. Следовательно, ключевым фактором является именно человеческий потенциал и, прежде всего, образованность, компетентность и творческие возможности людей в условиях их реализации. Именно знания становятся главным источником конкурентных преимуществ в ХХІ веке. Однако конкурентоспособность системы высшего образования определяется, прежде всего, по конкурентоспособности вуза, его выпускников и успешности их работы в различных сферах деятельности. Говоря в таком аспекте о результатах международного сравнения системы казахстанского высшего образования пока занимает не лидирующие позиции.

Ключевые слова: конкурентоспособность, система высшего образования, высшие учебные заведения, качество образования, рынок образовательных услуг.

**ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНІҢ БӘСЕКЕГЕ
ҚАБІЛЕТТІЛІГІН
АРТТЫРУ**

Заманауи экономикалық ғылымда бәсеке нарықтық шаруашылықтың қызмет етуінің маңызды құраушы механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Бәсеке қоғамның әлеуетін барынша пайдалануға, шаруашылық жүргізуші субъектілердің іс-әрекетін ұтымды етуге алып келеді. Бәсекелестіктің экономикалық теориясы жалпы түрде бәсекеге қабілеттілікті белгілі бір объектінің немесе субъектінің өзінің бәсекелестерін басып озуда қабілеттілігі ретінде түсіндіреді. Демек, біздің көзқарасымыз бойынша, бәсекеге қабілеттілік дегеніміз тұлғаның, тұлғалар тобының және тұтас қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға деген табиғаты біртектес объектілердің (субъектілердің) мүмкіндігімен анықталатын олардың қасиеттері мен сипаттамаларының жиынтығы. Нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларда саналы түрде таңдау жасауға мүмкіндік беретіндей, осы қасиеттер мен сипаттамаларды белгілі бір түрде орналастырып, оларды белгілі бір қатынастарға қоя отырып, тұтынушы салыстырылатын объектілердің «ұқсастықтары» мен «айырмашылықтарының» жиынтығын құрастырады. Тұтынушының артық көрген (ұнатқан) объектісі (субъектісі) бәсекеге қабілетті болып табылады. Ол келесі екі негізгі категорияның байланысынан келіп шығады: бәсекеге қабілеттілікке ие объектілер (тауар немесе қызмет, сала, аймақ немесе ел) және бәсекеге қабілеттілікті бағалайтын субъектілер (тұтынушылар, жұмыс берушілер, мемлекет). Осыған орай жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін анықтауда оның объектілері мен субъектілерін анықтап алу қажеттілігі туындайды. Қазіргі кезеңде білім, әсіресе, жоғары білім көрсетілетін қызмет ретінде қабылданып отырған жағдайда, барлық елдерде дерлік ол сәйкесінше бекітілген ұйымдастырушылық-құқықтық механизмдерге сүйенеді. Білім беру қызметінің әлемдік нарығы қалыптасқан қазіргі уақытта «білім берудің бәсекеге қабілеттілігі» түсінігі жекелеген жоғары оқу орындары үшін де, жоғары білімнің ұлттық жүйелері үшін де ерекше мәнге ие болады. Сондықтан тұтас елдің жоғары білім беру жүйесі, жекелеген жоғары оқу орындары немесе белгілі бір бағыттағы жоғары оқу орындар тобы, нақты жоғары оқу орнымен ұсынылатын кәсіби білім беру бағдарламалары мен білім беру қызметтері, ұсынылатын білім беру бағдарламаларының сапасының көр-

сеткіші ретіндегі түлектердің дайындық деңгейі бәсекеге қабілеттілікті бағалау объектісі болып табылады (1-сурет).

Жүргізілген талдаулар көрсеткендей, «бәсекеге қабілеттілік» түсінігі әдетте «тиімділік», «сапа» ұғымдарымен қатар қолданылады. Бірақ бұл ұғымдар өзара байланысты болғанменен, бір-бірімен тең емес. Егер, қандай да бір мемлекеттің білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігі басқа мемлекеттердің білім беру жүйесімен салыстыру негізінде анықталатын болса, ал ол жүйенің тиімділігі қызмет ететін ортасы болып табылатын мемлекет және қоғам үшін анықталады. Білім беру жүйесінің тиімділігін айқындау оны басқа елдердің білім беру жүйесімен салыстыруды қарастырмайды, бірақ стандартпен бекітілген нәтижелерге барынша аз шығынмен қол жеткізуді көздейді. Білім берудің бәсекеге қабілеттілігі мен оның сапасының өзара байланысы айқын, сапа да бәсекеге қабілеттілік тәрізді са-

лыстыру нәтижесінде анықталады. Бәсекеге қабілеттіліктің нарықтық қатынастар жағдайында байқалатындығын, яғни, бәсекені нарық туындататындығын ескерсек, оған мәндік (өнімнің сапасы) сипаттағы факторлармен қатар, конъюнктуралық (өнім бағасының төмендеуі) факторлар да әсер етеді. Сонымен бәсекеге қабілеттіліктің маңызды сипаттамасы салыстырмалылық болып табылады. Сапа болса, затты немесе құбылысты басқалардан ерекшелеп тұратын маңызды белгілердің, қасиеттердің, ерекшеліктердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Бәсекеге қабілеттіліктен сапаның айырмашылығы: ол – жекелеген адамдардың немесе топтардың дербес түйсінугі негізінде айқындалады. Білім беру жүйесіне қатысты алатын болсақ, бұл өзара байланысты келесідей тұрғыда түсіндіруге болады: дәстүрлі білім беру жүйесі сапалы болғанменен, заманауи әлемде ол мүлде бәсекеге қабілетсіз болуы мүмкін.



1-сурет – Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін бағалау объектілері мен субъектілері

Сонымен, жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның оқыту сапасы, бағасы, оқытудың нысандары мен әдістері, жағдайлары, оның орналасуы, жарнама және т.б. үздік әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер нәтижесінде басқа жоғары оқу орындарының арасында ерек-

шелену қабілеттілігі. Жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін үш деңгейде қарастырған дұрыс деп есептейміз: макродеңгейде – білім беру мекемесінің елдің әл-ауқатын арттыратындай қызметтер көрсетуге қабілеттілігі, мезодеңгейде – білім беру мекемесі қызметінің еңбек нарығы-

ның сұранысына сәйкестігі, микродеңгейде – білім беру мекемесі ұсынатын қызметтің сапалық сипаттамаларының тұтынушылар мен олардың өкілдерінің сұранысына сәйкестігі.

Қазіргі кезде бәсекеге қабілеттілік түсінігі зерттеліп отырған объектіге байланысты әртүрлі талдауға ие. Егер «бәсекеге қабілеттілік» түсінігін жүйелі түрде зерттейтін болсақ, тауардың, қызметтің, ұйымның, саланың және мемлекеттің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін құрылым керек. Осылайша, қызметтің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау нарықты мақсатты мемлекеттік реттеу үшін, сонымен қатар, сол нарықтағы жекелеген ұйымдардың нақты стратегиясын құрастыру үшін маңызды индикатор болып табылады.

Жаһандану жағдайында бәсекеге қабілеттілік тек деңгейін өлшеуге болатын көрсеткіш ғана емес, ең алдымен нарықтық жағдайда қызмет ету философиясы болып табылады және келесі шарттарға бағдарлануы керек:

- тұтынушылардың қажеттілігін және олардың даму тенденциясын түсіну;
- бәсекелестердің іс-әрекетін және мүмкіндіктерін білу;
- нарықтың қазіргі жағдай мен даму мүмкіндіктерін білу;
- қоршаған ортадағы өзгерістерді үнемі бақылау.

Жоғары білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілік ерекшелігі мынада: біріншіден, жоғары білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілеттілік осы жүйеде қызмет ететін барлық персоналдардың жұмыс сапасы мен ресурс сыйымдылығына бағдарланады, екіншіден, қазіргі кезде жоғары білім беру жүйесіндегі объектілердің бәсекеге қабілеттілігін бағалайтын құқықтық құжаттардың жеткіліксіздігі, үшіншіден, білім беру қызметінің нарығы көп жағдайда тұтынушылық сұранысқа тәуелді және келесідей факторларға бейімделуі тиіс деп есептейміз:

- беделділік;
- еңбек нарығындағы қажеттілік;
- ұтқырлық;
- белгілі бір әлеуметтік мәртебені иелену;
- мамандықтың табыстылығы;
- өзін-өзі дамыту мүмкіндігі.

Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін басқару үрдісін ұйымдастыру үшін келесідей мәселелерді шешіп алу керек:

- өзіндік бәсекелестік артықшылықтар мен кемшіліктерді толығымен анықтап алу;
- инфрақұрылымдық бөлімшелер секілді қосымша инновациялық орталықтар құру;

- инновацияны басқару әдістерін (сараптамалық, тәжірибелік, болжамдық, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық, әкімшілік және т.б.) анықтау.

- бәсекеге қабілеттілікті басқару механизмін құрастыру.

Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін қазіргі заманда тиімді басқару үшін инновациялық менеджменттің теориялық және әдістемелік негізіне сүйенетін экономикалық ғылымдар мен білім беру технологияларының даму деңгейі бір-біріне сай боуы шарт. Бұл аталған шарт бойынша ЖОО жоғары білім беру жүйесінде ең алдымен жоғары әлеуметтік-мәдени инновацияны алуға бағытталған ерекше ұйымдық-басқарушылық қызметпен айналысатын орын болып есептелінеді.

Сонымен, жоғары білім беру саласындағы инновацияға әртүрлі үш негізгі қасиет тән: ғылыми-технологиялық жаңашылдық, білім беру барысында пайдаға асырылу, әлеуметтік және нарықтық сұраныстарға сай жүзеге асырылу. Ғылыми-зерттеу нәтижелері бойынша табылған жаңашылдықтарды ойластыру және тарату жоғары білім беру жүйесінің, оның ішінде жоғары оқу орындарының дамуының бәсекеге қабілеттілік бағыты болып табылады.

Бәсекеге қабілеттілікті талдау маркетингтік зерттеулерге, нормативтік көрсеткіштердің сақталуына және ішкі сипаттағы ақпараттарға негізделеді. Маркетингтің мәні тек басқарушылық құрал ретінде ғана емес, «нарық философиясы» ретінде білім беру нарығында өзге әлеуметтік маңызы бар еңбек нарығымен өзара байланыста көрінеді. Бұл дегеніміз, жоғары оқу орындары еңбек нарығы үшін кәсіби құзыреттілік түрінде ұсыныстар қалыптастырады, ал бұл ұсыныстар еңбек нарығындағы теңсіздікті одан әрі дамытып, не құзреттіліктерден көп немесе аз болуы мүмкін. Осындай кездегі маркетингтің басты міндеті – институционалды негізде айтылған теңсіздіктерді жоюға мүмкіндік беретін механизм жасау арқылы білім беру нарығы мен еңбек нарығын түйістіру.


Бәсекеге қабілеттілік деңгейіне бағалау жасаудың басты мақсаты жоғары оқу орындарының білім беру саласындағы орнын анықтау. Әрине, бұл мақсатқа жету үшін бәсекеге қабілеттілікті бағалайтын арнайы объективті әдістемелер болуы шарт.

Қорыта келгенде, жаһандану үрдісі негізінде қалыптасып жатқан бәсекелестік заманда әрбір жоғары оқу орнындағы оқу үрдісінің икемділігін (білім алушыларды ынталандыру және олардың

оқу сапасымен қанағаттануы, оқу бағдарламасын құрастыруда жеке секторды пайдалану, оқу үрдісінде инновациялық бағытты кеңінен қолдану және т.б.) жоғарылататын механизмдерді құрастыруға мүмкіндік беретін инновациялық, педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жиынтығы еңбек нарығы мен жоғары білім беру қызметі нарығының институционалды байланысына негізделген және сол арқылы ғана біз жаһандық бәсекелестік жағдайында жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігін жоғарлата аламыз.

Жоғары білім беру саласы экономиканың қоғамдық секторының негізгі саласы болғандық-

тан елдің экономикалық қауіпсіздігі мен әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді. Экономиканың барлық салаларының жоғары кәсіби мамандармен қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарында даярланатын түлектердің еңбек нарығының сұранысына лайық болуы, оқу үрдісінің инновациялық әлеуетінің жоғары болуы – осылардың барлығы жоғары оқу орнының бәсекеге қабілеттілігін айқындайды. Түлектердің еңбек нарығының сұранысына лайық болу мәселесі қазіргі кезеңдегі Қазақстанның отандық жоғары білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Оны төмендегі суреттегі мәліметтер айқындайды.



2-сурет – Жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін басқару механизмдері [1]

Берілген мәліметтерден белгілі болып отырғандай, 2013 жылы бітірген түлектердің тек 65%- ғана жұмыспен орналасқан болса, 2014 жылы бұл көрсеткіш 76,9%-ды құрап отыр. ЖОО бітіруші түлектер мен еңбек нарығындағы оларға деген сұраныстың арасындағы қарама-қайшылық қазақстандық жоғары білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігінің әлі де болса жеткілікті деңгейде емес екендігін дәлелдейді. Аталған мәселе еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты теңестіру тәрізді бір жақтылы көзқараспен ғана шешілмейді, ол үшін мәселеге жан-жақтылы кең көлемде қарап, жоғары оқу орындарындағы мәселелермен ғана шектеліп қалмай, кешенді шешім іздеу қажет деп есептейміз. Бұл


мәселе еңбек нарығындағы түрлі қатысушылардың мүдделерімен байланысты шешілуі тиісті және ең бірінші кезекте қай қатысушының мүддесі маңызды екендігі анықталуы керек. Осыған сәйкес нарық қатысушылары мүдделерінің градациясы жүргізілуі керек:

- Мемлекеттік мүдде.
- Жұмыс берушінің мүддесі.
- Жұмыс іздеушінің мүддесі.
- Білім беру орындарының мүддесі.

Қазіргі кезеңде бұл мүдделердің арасында тығыз өзара байланыс жоқ. Жоғары білім беру жүйесі жұмыс берушілердің мүдделерімен сана-са бермейді, көп жағдайда олардың қызметі халықтың сұранысына және студенттерді тартуға

бағытталған. Осы себепті кейбір мамандық түрлері бойынша мамандардың артық даярлануы, ал кейбір мамандықтар бойынша олардың жетіспеуі орын алып отыр. Сондықтан ұсынылған грация бойынша мүдделердің ескерілуін

қамтамасыз ету жоғары білім беру жүйесінің сапалы мамандар даярлауға деген ұмтылысын туындатып, ол өз кезегінде аталмыш саланың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.



3-сурет – Жоғары оқу орынын бітірушілердің жалпы санынан жұмысқа орналасқан бітірушілердің үлесі [2]

Жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілеттілігінің ел экономикасына тигізетін әсерін сипаттау үшін индикаторларды үш топқа біріктіруге болады. Бірінші индикаторда келесідей көрсеткіштер қолданылады:

Жоғары білімнің мемлекет бойынша қолжетімділік деңгейі, пайыздық өлшеммен.

Жоғары білімнің аймақтар бойынша қолжетімділік деңгейі, пайыздық өлшеммен.

Білім алушылардың аймақ бойынша теңсіздік деңгейі, аймақ бойынша сол аймақта білім алып жатқан адамдардың жалпы халық санына пайыздық қатынасы.

Өзге аймақта орналасқан жоғары оқу орынын бітірген түлектердің өз аймақтарына қайту көрсеткіші, жалпы аймақтағы студенттер санындағы пайыздық үлесі.

Жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан саясаттың кәсіби білім алуды қалайтын абитуриенттер мен еңбек нарығындағы сұранысты қамтамасыз ету деңгейі.

Жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан саясаттың елде жүргізіліп жатқан инновациялық даму бағытына сай болу деңгейі.

Индикаторлардың екінші тобы білім беруге бөлініп жатқан бюджеттік шығындардың рентабельділігін көрсетеді. Оларға:

Бюджеттік негізде білім алып, бірақ өз мамандығы бойынша еңбек нарығында сұранысқа ие болмай, өзге іспен айналысып жүрген түлектердің жалпы бітіруші түлектер ішіндегі үлесі.

Бюджеттік негізде білім алып, бірақ өз мамандығы бойынша алғашқы бес жыл ішінде жұмыс таппаған түлектердің жалпы түлектер ішіндегі үлесі.

Академиялық үлгермеушілік немесе өзге де себептер негізінде бюджеттік негізде білім алу құқығынан айырылған студенттердің жалпы бюджеттік негізде білім алатын студенттер санындағы үлесі.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін жетілдіру мен мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезінде қолданылатын немесе өнеркәсіптік инновацияны ойластыру негізін құрайтын ғылыми зерттеулердегі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылған ғылыми зерттеулердің үлесі.

Көрсеткіштердің үшінші тобы елдің техникалық және инновациялық әлеуетіне әсер ететін көрсеткіштерді құрайды. Олар:

Жоғары оқу орындары ұсынған ғылыми зерттеулердің қажеттілік деңгейі.

Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың жоғары оқу орындарындағы ғы-

лыми-зерттеу жұмыстарына қатысу деңгейі.

Жоғары оқу орындарындағы коммерцияландырылған ғылыми -зерттеулердің үлесі.

Мемлекеттік саясатты қалыптастыруда, әсіресе білім беру саласында пайдаланылатын жоғары оқу орындарымен ұсынылған зерттеулердің үлесі.

Жоғары оқу орындарының ғылыми зерттеулері негізінде немесе жоғары оқу орындарымен әріптестікте қалыптасқан инновациялық компаниялардың үлесі.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жүйесін жетілдіру мен мемлекеттік саясатты қалыптастыру кезінде қолданылған немесе өнеркәсіптік инновацияны ойластыру негізін құрайтын докторлық диссертациялардың жоғары оқу орындарында жазылуы мен қорғалуының үлесі.

Өздерінің инновациялық білімдері мен ілімдерін студенттерге бере алатын оқытушылардың жалпы оқытушылар арасындағы үлесі.

Бұл көрсеткіштер нақты немесе заңды түрде бекітілген көрсеткіштер емес, бірақ осы көрсеткіштерді анықтап, салыстыра отырып, жоғары білім беру саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясаттың кемшіліктері мен артықшылықтарын айқындауға, бюджеттік қаражаттар қайтымдылығы мен тиімділігін салыстыруға және осылардың нәтижесінде білім беру саласында

болып жатқан өзгерістердің ел экономикасына әсерін анықтауға болады [3].

Тұжырымдай келе, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі халықаралық бәсекеге жауап беру үшін, келесідей әрекеттерді жүзеге асыру керек деп есептейміз:

- қоғам мен нарықта пайда болған қажеттіліктерді мүдделер сабақтастығы тұрғысынан қанағаттандыру;
- студенттеріне оқудан үздіксіз практикалық тәжірибе алу үшін, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету (мысалы, Германияның жоғары білім беру саласы осы жүйе бойынша құрылған);
- жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық құрамды материалдық және моральдық тұрғыдан ынталандыру;
- орталықта да, шеткі аймақтарда да бірдей сапалы жоғары білім алу мүмкіндігінің деңгейін жоғарылату;
- ЖОО бітіруші түлектердің қолданбалы білімге ие болуын қамтамасыз ету.

Қазақстанның болашағы екі нәрсеге – озық білім мен сарабал саясатқа көбірек байланысты екендігін ескерсек, бүгінде барлық салаға дендеп енген жаһандану дәуірінде Қазақстанның өзінің лайықты орнын айқындауы үшін білім жүйесі халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілікке дайын болуы қажет.

Әдебиеттер

- 1 Кони́на О.В. Формирование маркетинговой мобильности российских вузов на рынке дополнительных образовательных услуг: теория, методология, тенденции развития в условиях усиления глобальной конкуренции. Автореф. дис ... докт экон. наук: 08.00.05. – Волгоград, 2012. – 50 с.
- 2 Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама. – Астана: ҰБСБО, 2013, 164 б.
- 3 <http://nkaoko.kz/kz/about/tasks/>

References

- 1 Konina O.V. Formirovanie marketingovoy mobilnosti rossiskikh vuzov na rynke dopolnitelnykh obrazovatelnykh uslug: teoriya, metodologiya, tendentsii razvitiya v usloviyakh usileniya globalnoi konkurentsii. Avtoref.dis.dokt.ekon.nauk: 08.00.05. – Volgograd, 2012. – 50 с.
- 2 Kazakhstan Respublikasu bilim beru zhuiesinin zhagdayi men damuy turaly ulttyk bayandama. – Astana: UBSBO, 2013, 164 b.
- 3 <http://nkaoko.kz/kz/about/tasks/>

